

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша
2021-2022 оқу жылында мектепшілік аттестаттау комиссиясының
жоспары бойынша біліктілік санатын бекітетін және растайтын
мұғалімдердің жұмыстары туралы**

Хабарлама

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы "27" қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымларында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау кезекті немесе мерзімінен бұрын болып бөлінеді.

Аттестатталушылар кезекті аттестаттаудан Заңның 51-бабы 3-тармағының б) тармақнасына сәйкес кемінде бес жылда бір рет өтеді.

Мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер аттестатталушылар (бұдан әрі – мерзімінен бұрын аттестатталушылар) аттестаттаудан екі кезеңде өтеді:

1) бірінші кезең – біліктілік тестілеуі;

2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кезеңді талдамалық жинақтау.

Аттестатталушы адамдар аттестаттаудан өту (кезекті және мерзімінен бұрын) үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына 20 желтоқсан мен 5 қаңтар аралығында немесе ағымдағы жылғы 1-15 тамыз аралығында Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес төмендегі мұғалімдер өтініш береді.

Кезекті аттестаттаудан өтуге өтініш беретіндер:

Жоғарғы санатты растауға: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова Гульнара – педагог-зерттеуші, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулетбакова Айгул – педагог-сарапшы.

I санатты растауға: информатика пәні мұғалімі Қайрғали Дария – педагог-сарапшы.

I санатты бекіту: бастауыш сынып мұғалімі Дарибаева Ажар – педагог-сарапшы

Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге өтініш беретіндер:

I санатты бекіту: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мамырова Карлыга – педагог-сарапшы, информатика пәні мұғалімі Бахтыбай Бағыжан – педагог-сарапшы, информатика пәні мұғалімі Балабай Эльмира – педагог-сарапшы; тарих пәні мұғалімі Естаулетова Жадра – педагог-сарапшы, алғашқы әскери дайындық жетекшісі Анипин Айбар – педагог-сарапшы, дене шынықтыру пәні мұғалімі Б. Досмаилов – педагог-сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі Жуасбаева А – педагог-сарапшы

II санатты бекітуге: Халидолда Жанболат – педагог-модератор, тарих пәнінің мұғалімі Нурманов Ерлан – педагог-модератор, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кузенбаева Жанар – педагог-модератор, математика пәні мұғалімі А. Сейтқұл – педагог-модератор, химия пәні мұғалімі Ф. Жортинбаева – педагог-модератор, математика пәні мұғалімі М. Богумбаева – педагог-модератор,

бастауыш сынып мұғалімі Г.Хамильдаева педагог-модератор, мектеп психологы Б.Қыдырбай педагог-модератор.

Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер өздерінің кәсіби біліктілігін шыңдауға бағытталған жылдық жұмыс жоспарын мектеп директорымен бекітті.

Директордың оқу тәрбиесі жөніндегі зрынбасары Қ.Мамырова мұғалімдерді аттестаттау қағидалары мен ережелерімен таныстырып, атқаратын жұмыстары туралы семинар өткізді.

Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің 2016-2020 оқу жылындағы біліктілігін арттыру курсы бойынша өткен мұғалімдердің тізімі

№	Мұғалімнің аты -жөні	Пәні	Уақыты	Тақырыбы	Өткен орны
1.	Омарова Іулнара	Қазақ тілі мен әдебиеті	17.06.2017ж.	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша	Алматы
2	Дарибаева Ажар	Бастауыш сынып мұғалімі	23.04.2021	«Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру»	Алматы
3	Мамырова Карлыға	Қазақ тілі мен әдебиеті	14.02.2020 ж 06.05.2021 ж	1.«Абайтану» курсы- білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың әдістемелік негізі 07.10.2016ж. 2. «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілігін дамыту	Алматы Алматы
4	Күзенбаева Жанар	Қазақ тілі мен әдебиеті	23.04.2021 ж	«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби күзіреттіліктерін дамыту»	Алматы
5	Қыдырбай Біржан	Мектеп психологы	06.08.2021 ж	«Білім беру ұйымдары психологтарының біліктілігін арттыру курсы»	Талдықорған
6	Нурманов Ерлан	тарих	18.03.2016	Қазақстанның аймақаралық біліктілігін арттыру орталығы	Алматы
7	Хамильдаева Гультесзим	Бастауыш	07-25.09.2020 12.10.2020	«Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсы» «Балалардың мектепалды даярлығы бойынша	

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бірлік орта мектебі»
мемлекеттік коммуналдық мекемесінде
«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты тілдер апталығының
қорытындысы туралы
ХАБАРЛАМА**

Тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбында тіл мамандарының ұйымдастыруымен 2021 жылдың 20-24 қыркүйек аралағында апталықтың жоснары бойынша тілдер апталығы өткізілді. 20 қыркүйек күні тілдер апталығының ашылу салтанаты қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі орыс тілі пәнінің мұғалімі Толжарасова А. ағылшын тілінің мұғалімі Шинасылова К.М.және қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мусаханова Б.К. үш тілде құттықтау сөз сөйлеп, апталықтың ашылуымен құттықтады. 5-сынып оқушылары әдеби –монтажда үш тілде тілге арнап өлең оқыды. Мектебіміздің кітапханашысы Құсайынова Айнұр апай тілдер мерекесіне арнап, кітап көрмесін қойды.

Ашылу салтанатында оқушылар үш тілде өлеңдерін оқып, апталыққа барлық сынып оқушылары тартылды. Оқушылар «Тіл - халықтың байлығы» тақырыбында қабырға газетін шығарып, дәліздерді безендірді.

Ағылшын пәнінің мұғалімі Шинасылова Клара апайымыз ағылшын тілінде сөзжұмбақтар құрастырып, өлең жолдарын жазып, тіл туралы сұрақтар жазып өз қолымен қабырға газетін шығарып іліп, оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын оята білді.

9-11 сынып оқушыларының арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты дебат өткізілді. Пән мұғалімі Омарова Г. дебатты өз мәнінде қызықты, тартымды өткізді. Мейірманова Тоты 10 «А» сыныбында «Жазушыларға саяхат» атты әдеби монтаж өткізді. Оқушылар әр ақын мен жазушыларға саяхатқа шығып, олардың тілге арнап жазған өлеңдерін, жатқа мәнерлеп оқыды. Тіл туралы жазған қанатты сөздерін айтып, даналық ойларымен бөлісті.

5, 6- сынып оқушылары арасында «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайыс сабағын Мамырова Қ, Кузенбаева Ж. оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты өткізді 9 «А» сыныбында «Тілге құрмет- елге құрмет» атты сайыс сабағын Мусаханова Б.К. қызықты да тартымды өткізді.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы Ыбырай Алтынсариннің туғанына-180 жыл толуына орай, оқушылар қабырға газетін шығарып, жыр шумақтарын арнады.

9 «А» сыныбында Касенова М. «Времен связующая нить» үлгілі сабағын өте тартымды өткізсе, 9,10 сыныптар арасында Шинасылова К. «Сынып көшбасшысы» атты интеллектуалды ойының сайыс түрінде өткізді.

10 «А,Ә» сыныптарында «Не, қайда, қашан» атты лингвистикалық турнир өтті, жетекшісі Толжарасова А., 9 «А» сыныбында Садирова Б. «Орыс тілін жетік меңгергендер» атты үлгілі сабағын, өткізді 4 «Ә» сыныбында Несипбекова А. «Маған ұнайтын жыл мезгілі» тақырыбындағы сабағын, 8 «Ә»

				мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы»	
8	Естаулетова Жадра	тарих	05.06.2012	«ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазастан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасы	Талдықорған

Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер жаңа ақпараттық технологияларды сабақтарында үнемі пайдаланады, оқушылардың білім білік дағдыларын көтеруде сапалы үлес қосуда.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Қ.Мамырова